

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы

25.05.2023 ж.

Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”

25.05.2023

Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы исследования тюркских рунических памятников»

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

2. Гафаров Н.У. Джадидизм в Средней Азии в конце XIX – начале XX вв. – Автореферат на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Душанбе, 2013. – С. 39.
 3. Калимуллин Р.Х. Модернизированный джадидизм в России: монография [Текст]. – Уфа: ИздвоБГПУ, 2011. –126 с.
 4. Назарбаев Н.А. Статья Главы государства «Семь граней Великой степи». – 2018. https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statuya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi
 5. Саттарова З.М. Джадидистская реформа образования И. Гаспринского // Вопросы крымскотатарской филологии, истории и культуры. – 2015. – №1. – С. 25-29.
 6. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». – 2017. https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statuya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
 7. Чубукчиева Л.З. Женский вопрос в идеологии джадидизма // Гасырлар авазы - Эхо веков. – 2014. – №1-2. – С. 44-51.
 8. Юзеев А. Идеология джадидизма: история и современность. // Гасырлар авазы - Эхо веков. – 2003. – №3-4. – С. 126–135.
- Ronald Inglehart. Modernization and Postmodernization. Cultural, Economic, and Political Changes in 43 Societies. – Princeton: Princeton University Press, 1997.– 453 p.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАҚСЫЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Ерболатқызы А.Е.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
ayim@yandex.ru*

Аннотация. Мақалада қазақ халқының бақсылық фольклорындағы көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ және басқа түркітілдес халықтарының бақсылық фольклоры салыстырылады. Қазақ бақсылық сарындағы троп пен фигуралары анықтап топтастарылады.

Кілт сөздер: бақсылық фольклор, сарын, көркемдік тәсілдер

Abstract. The article examines the expressive means of the shamanistic folklore of the Kazakh people. The shaman folklore of Kazakh and other Turkic-speaking peoples is compared. Tropes and figures in Kazakh shaman songs are classified.

Keywords: expressive means, folklore, shaman.

Қандай да бір шығармаға тілдік тұрғыдан қойылатын талаптың негізгісі –

көркемдік деңгейі. Шығарма белгілі бір көркемдік талаптарға жауап бергенде ғана оны әдеби туынды деп есептеуге болады. Әрбір көркем шығарманың авторына тән өзіндік стилі, сипаты болады. Сол сияқты ғұрыптық фольклорымыздың бір тармағы бақсылар сарынының да өзіндік көркемдік ерекшеліктері бар. Қазақ халқының бақсы сарындарында теңеу мен гипербола ерекше көп қолданыс тапса, алтай халықтарында бейнелілік тудыратын үлкен топ – эпитет сөздер. А.Байтұрсынұлы «Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқыңыз келсе, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөзді қосып айтамыз» деп [1,155] жазған. Эпитет пен теңеу көркемдегіш құралдарың ішіндегі троп пен фигураға жатпайды. Себебі троптар ауыспалы мағынада қолданылады, ал фигуралар синтаксистік құрылысқа байланысты. Шығармаларында эпитетті қолдану жазушының байқампаздығын көрсетеді. Алтай және қазақ бақсы сарындарының мәтіндерінде эпитет арқылы тіркестер құрау жындар мен рухтардың ерекше қасиеттерін берумен байланысты. Мәтіндерде эпитет екі түрлі жолмен жасалған: біріншісі, қатыстық сын есімдер арқылы; екінші, зат есімнен сын есім тудыратын -лы,-лі,-ды,-ді,-ты,-ті жұрнақтары арқылы.

Ал теңеулер, оның ішінде тұрақты теңеулер қазақ халқының бақсы сарынында актив қолданылады. Тұрақты теңеу – халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, жыраулар поэзиясында, Махамбетте, Абайда, бертін келе Мағжанның шығармашылығында қолданылған теңеулер. Теңеулерді жындарды сипаттауда, бақсыны сипаттауда жиі кездестіреміз. Теңеулерді толық зерттеген ғалым Т.Қоңыров «Қазақ теңеулері» атты ғылыми монографиясында теңеулерді семантика-стилистикалық сипатына қарай былай бөледі:

1. Метафоралық теңеу
2. Эпитеттік теңеу
3. Метонимиялық теңеу
4. Синекдохалық теңеу
5. Гиперболалық теңеу
6. Литоталық теңеу
7. Градациялық теңеу
8. Синонимдік теңеу
9. Антонимдік теңеу[3:192].

Барлық троптың түрлері өзінің бастауын теңеуден алатыны белгілі. Теңеу басқа троптың түрлерімен байланыста жұмсалғанда көркемдігі үстеле береді. Қазақ халқының бақсы сарындарының мәтіндерінде әдеби көркемдегіш құралдар молынан қолданылған. Соның ішінде жоғарыда атап өткен эпитеттік теңеулер мол кездеседі. Сонымен қатар, гипербола, литота, метафора, эпитет сияқты көркемдегіш құралдар да сирек болса да кездеседі. Бақсы сарынының бір нұсқасында оқиға автор жақтан ғана баяндалса, бір нұсқаларында автормен қоса бақсы кейіпкер ретінде өз атынан да жырлайды. Барлық бақсы мәтіндеріне зер салсақ оқиға жұрт жиналып, бақсының қобызын қолына алып, барлық жындардың жеке-жеке атын атап шақыруынан басталады. Науқастың ауруының емін жындар арқылы емдейтіндіктен, жындары келмей қалмасын немесе өтірік ем айтпасын деп бақсы өзінше қорқытады. «Жылап жатқан науқасқа, Себептауып бермесен, Бір сен үшін мен сорлы, Жаным шығып тірілсем, Өмірімде

көрмесің», «Осы жолы келмесең, Айтқанымға көнбесең, Шашыңнан алып сабармын, Тірі болып өлмесем» [2:117], «Басыңды баудай қағармын, Қаныңды судай шашармын» [2:177] деген жолдарда мүмкін емес нәрсені әсірелеу (гипербола) арқылы жеткізіп тұр. Шынайы өмірде көзбен көре алмайтын жындарды сабаймын, өмір бойы көрмей өтемін деп әсірелеп тұр.

Қазақ бақсы сарындарында үш түрлі сюжет бар. Біріншісі, бақсының жындарды шақыруы және әрқайсысының ерекше қасиеттерін сипаттауы. Екіншісі, бақсының жындардың кейпіне енуі арқылы бақсылық рәсімдерін жасауы. Үшіншісі, автор атынан бақсыны суреттеу. Бірінші сюжетке сай бақсы әр жынды жеке шақырып, оларды мадақтайды, сипаттайды. «Алпыс қойдың терісі, ау болмаған Алатай. Жетпіс қойдың терісі, жең болмаған Алатай. Барлықжыным жабылса, тең болмаған Алатай» [2: 118], «от жақпай темір пісірген» деп Алатай жынды асыра мақтауда гипербола қолданылған. Оған қоса, « Жалмауыз қара Обырым – аузындағы бұлбұлым, Кілең қабылан манатым, Тастан қайтпас бұлағым» [2:190] деген метафоралармен жындарды мадақтайды. Мәтіндерде бақсының жындарының сырт келбеті мен мінез-құлықтарын сипаттауда теңеу ерекше көп қолданылған. «Құлағың сенің қалқандай, Мұрынына қарасам, сығымданған талқандай», «Оқ жыландай жел маңдай; Бойың сенің құлаштай, Атқа мінсең кісідейсің, Жерге түссең, жалмауыздың тісіндейсің», «Аузың сенің ошақтай», «Мұрыныңа қарасам, ойып қойған шошақтай, танауыға қарасам, Үңірейіп кетіпті, тәуіп барған қос аттай» [2:118-123], «Он арыстандай әрбірің» [2:179], «жолбарыстай айбаттым» [2:196], «Қудай боп шашы ағарған» [2:148] «қара бұлттай кекілді; лашын құстай түйілген» [2:147] деген жолдарды оқи отыра көз алдымызға бойы ұзын, дене мүшелері үлкен, жасы клеген, адам кейпіне өзгере алатын жынның бейнесін елестете аламыз. «Бүйірінен қарасам, белге асқан садақтай, Толғанып жатқан жыландай, Тұжырып қойған таяқтай» [2:156] деген жолдарда жынның сыртқы жүріс-тұрысын теңеумен сипаттаған. Кейбір ашулы келетін дәу жындардың мінезін сипаттауда «тас бұршақтай ойнаған, найзағайдай қайнаған», «қаптаған қара бұлттай; қайнап біткен бұлақтай» [2:147] деген теңеулерді пайдаланған. Байқағанымыздай бақсы сарындарында гипербола мен теңеу жиі қолданылады. Бірақ сирек болса да литота кездеседі. Мысалы « түскен жерің оймақтай, басқан жерің бармақтай» деп жүрісі білінбейтін, сабырлы жынды сипаттап тұр. «Бабалар сөзінің» тоғызыншы томында берілген барлық бақсы сарынының мәтіндерінде теңеудің -дай,-дей,- тай,-тей формасы көп қолданылған. Десе де, «сұмырайға ұқсаған қу пері» [1:149], «Бір өзін қайратымен мыңға теңер» [2:136] деген тіркестерде ұқсау, тең деген сөздер арқылы жасалған теңеулерді кездестірдім. Бақсының жындары әртүрлі жануарлардың кейпінде келеді. Анығында, жын келді деп бақсы айтқан соң, белгілі бір жануардың образына кіріп, соны іс-әрекеттерін жасайды. Мәтінде бақсының кейіпін өзгертуі теңеулер арқылы берілген. Оған мына жолдар дәлел бола алады: «Бура болып аунайды», «Жолбарыс жыны жетеді, Жолбарыс болып шабынып, әркімді қабар қағынып», «Жалақтап тілі пысқырып», «Көк бөрі келді деді де, отыра қалды шоңқайып» [2:120-121]. Бақсының шақырған жынының әрқайсысының өзіндік міндеттері бар. Жирентай жын ауруды емдесе, Қара жын халыққа бал ашады, Жолбарыс жын әйел

адамдарды бедеулік ауруымен күреседі. Жын кейпінде бақсы оларды емдеу жоралғысын жасаған соң, халық бірден жазылып кетеміз деп сенеді. Бақсының жындары тек шипалықпен емес, халыққа дұрыс жол көрсетумен де айналысады. Мысалы, төрт бөрі жыны жамандық жасаған адамдардың іс-әрекеттерін әшкерелейді. «Жүрегің жаман екен деп, Арт жағында зіркілдеп, Аяқпен басып тұрады» [2:126] деген жолдарда зұлымдық жасаған адамды тауып, оны қамшымен ұрып жазалайды. Соңында жамандығының өтеуі ретінде садақа беруін немесе белгілі бір жамандық шақырып тұрған затты атап, соны басқа біреуге беруін ескертеді. Бұл дәстүр қазақ халқы арасында әлі күнге дейін сақталған. Мысалы, мүшел жасқа кіргенде өзіңе ұнайтын бір затты басқа адамға сыйлайды. Сонда мүшел жастан жеңіл өтіп кетеді деп сенеді. Сырқат адамды емдегенде бура болып тебеді, жылан болып ауырған адамды жалайды, жолбарыс болып қабады, бөрі болып талайды. Халық бақсының бұл әрекетін ойын өнеріне балайды. Бақсы науқасты емдейді деп естігенде, бірден бақсыдан ойын, өнер тамашалаймыз деп жинала қалады. Және бақсы сарындарының соңы «Бұл ойынның аяғы осымен аяқталады» [2:134] деп жасалған рәсімнің ойын екеніне меңзейді.

Бақсы сарынының бір мәтінінде бақсының сырт келбетіне, тұрысына, іс-әрекетіне ерекше мән беріп, сипаттайды. Бақсы жын шақырғанда дауысы «болады айқайласа ұшан теңіз», «дауысы он шақырым жерге кетіп», «дауысынан кете жаздар жер жарылып» [2:134-138] деп гипербола көркемдегіш құралы арқылы сипаттаса, жылан жыны келгенде зор дауысын «ысқырып айдаһардай деммен жайлап» деп жыланның дауысындай ысқырық дауысқа теңейді. Ал түрінің өзгеруін «сарғаяр жапырақтай оның түсі» [2:134] деп гиперболалық теңеу арқылы суреттесе, дәу жындары келгенде «жүзінде қаны қалмас қашып түсі» [2:135] деп түсі ақсұрланып кететінін кішірейту (лилота) арқылы суреттеп тұр. Жындары келген уақытта бақсыға ерекше күш бітетінін осы жолдарда айтады «Сол уақыт екі көзі оттай жанып, Көтерер жеті адамды арқасымен», «Бір өзін қайратымен мыңға теңер» [2:136]. Мұнда көзін отқа теңесе, мықтылығын арқасымен ғана жеті адамды көтереді, одан әрі мың адамға күші тең деп әсірелеп тұр. Емдік шараларын жасайтын кезінде шоқтай қыздырылған кетпенді аяғымен басса да, «күйместен ешбәр жері тамам қалып» деп әсірелейді өленде. Тағы да «Қолынан бір кесе су ішіп алып, Бұрқырап үй ішіне қандар төгер» [2,136] деп ішкен суын қанға айналдырады деп әсірелеу көркемдегіш құралымен сипаттаған. Кейде бақсының емі қонбайтын аурулар да болады. Ол жағдайда бақсының «куаты торғайдай-ақ болады да» [2,169], құдай қаласа жазылады, қаламаса жазылмайды екен. Бақсы сарынының мәтіндеріне қарасақ, жындарды шақыру оңай іс емес. Сондықтан бақсы барынша жалынып, жалбарынады. Сонда «Жаным бар да, тәнім жоқ, Сұп-сұр болдым қуарып, Етім бар да, қаным жоқ» [2:132] деп жындар келуі үшін, оларға мұқтаж екенін білдіру үшін өзін аянышты халде әсірелеп сипаттайды. Бақсы тек жындарға ғана жалыпбайды, сонымен қатар айырылмас серігі қобызға да жалынады. Қобыздың күйі келмесе «бар құрбымнан кем болдым, қара жермен тең болдым, қаным қалды бір қасық, етім

қалды көк сасып» [2:159] деп әсірелеп, өзін дүниедегі ең шарасыз адам ретінде сипаттайды. Бақсы бұл жерде қобызды жанды затқа теңеп, онымен сөйлесіп тұр.

Бақсылық қасиет қонған адам ол қасиетті бірден қабылдай алмады. Ол туралы бала бақсының сарынында былай делінген: «Жасыған жездей майрылтып, Туысқаннан тірідей мені айрылтып, Көнбес іске көндіріп, Қу ағашқа төндіріп, Жаратқан ие, неңді алдым?» [2:194]. Мұнда бала бақсының ішкі дүниесінің жағдайын теңеу арқылы жеткізген. Тағы бір ерекше көркемдегіш құралы эпитетті метафора да бір жолдарда қолданылған. « Аю мінез аңғыртым, Алып мінез салғыртым, Әңгүдігім, шалғыртым, Бұқа мойын қабаным, Қарынды, жалпақ табаным, Көк есегім мылқауым» деген жыр жолдарында жындардың ерекше қасиеттерін эпитетті метафоралармен сипаттайды.

Тіліміздегі көріктеуіш құралдар – маңызды лексикалық қабат. Әдеби тіліміздің әрі мәдени болмысымыздың көрсеткіші. Бүгінге дейін тілдік құралдардың қолданысы мен түрлі мақсаттарда ақпарат беру мүмкіндігінің дәрежесін саралауға арналған көптеген ғылыми еңбектер, монографиялар, диссертациялық жұмыстар жазылып, жарық көрді және бұл бағыттағы зерттеулер әлі де өз жалғасын таба беретіні анық. Өйткені қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамып, мәдениеттердің тоғысуы биік деңгейге көтерілген заманында, тілдік құралдардың да дамымай бір орында тоқтап қалуы мүмкін емес. Осыған байланысты ұлттық танымның негізгі арқауын жаңа заман сұраныстарына бейімдеп, тілдік мәдениетіміздің сол кезде қалыптасатын жаңаша сипатын саралауға бағытталған жұмыстар міндетті түрде жарық көріп отырады деп сенеміз.

Әдебиет

1. Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. Т.1, – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
2. Бабалар сөзі. Т.9. Астана, 2013. – 405 б.
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.

ТҮРКІСТАН - ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АЛТЫН ТӘЖІ

Олтинбек О.

*Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік
өзбек тілі мен әдебиеті университеті*

Ташкент, Өзбекстан

olim.oltinbek.14@gmail.com

Аннотация. Мақалада танымал өзбек ақын Рауф Парфи шығармашылығы қарастырылады. Ақынның Отан туралы, өз ұлттың және түрік халқының тағдыры жайлы ой-сезімі сипатталады. Жалпытүрік символы – Түркістанға, «Ана Түркістанға» арнап жазылған ақынның бірнеше өлеңталқыланады.